2005 жылдың қаңтары валюта рыногындағы тұрлаулылықпен сипатталды - теңгенің АҚШ долларына қатысты номиналдық нығаюы 0,01 % болды, биржалық бағамның құбылу диапазоны 1 доллар = 129,98 - 130,64 теңгені құрады. Алдын ала мәліметтер бойынша 2005 жылдың қаңтарында теңгенің нақты нығайтылуы долларға қатысты - 0,3 %, евроға қатысты - 3 %, ресей рубліне қатысты алғанда - 1,4 % болды.

2004 жылы Теңгенің айырбас бағамының нақты тиімділік индексі 5,9 %-ға, ТМД елдері валютасына қатысты - 2 %-ға, қалған елдердің валюталарына қатысты - 8,1 %-ға өсті.

Әлемдік валюта рыногында доллардың евроға қатысты бағамы күшейе бастады, қаңтар айының аяғында бұл көрсеткіш 1,3038 болып, жыл басынан бері 3,96 %-ға нығайды. АҚШ валютасы бағамының өзгеруі басқа рыноктарға да ықпал етті. Алтынның құны қаңтарда 3,75 %-ға төмендеп, айдың аяғында бір унция - 422,60 доллар деңгейінде болды.

Мұнайдың бағасы қаңтар айының аяғында бір баррель үшін 45,87 долларға жетті (Брент сорты), сөйтіп бір айдың үшін 12,27 %-ға қымбаттады.

2005 ж. қаңтарында теңгенің ресми орташа айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 130,11 теңге, 1 евро үшін -170,75 теңге, 1 ресей рублі үшін - 4,65 теңге болды.

## Банк секторының экономикадағы ролі

млрд теңге

Банк секторының Қазақстан экономикасындағы ролін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер серпіні	01.01.02	01.01.03	01.01.04	01.12.04
ДЖӨ	3 250,6	3 747,2	4 449,8	5 141,06
Активтердің ДЖӨ-ге ара-қатысы, %	25,1	30,6	37,7	49,6
Несиелік портфельдің ДЖӨ-ге ара-қатысы, %	15,9	19,1	24,4	33,4
Меншікті капиталдың ДЖӨ-ге ара-қатысы, %	3,8	4,3	5,2	6,3
Клиенттер депозитінің ДЖӨ-ге ара-қатысы	15,0	18,6	21,8	29,7

## Банк секторындағы жалпылама үрдістерге сипаттама


2004 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстанда жалпы алғанда 35 екінші деңгейлі банк жұмыс істеп тұрды, оның ішінде Алматы қаласында 29 дербес банк және 27 банк филиалы орналасқан. 35 банктің екеуі - мемлекеттік, 15-і шетел акционерлерінің қатысуымен істейді, оның ішінде шетелдік банктердің филиалдары да бар.

**Капитал.** Екінші деңгейлі банктердің есептік меншікті капиталының жиынтық мөлшері жыл басынан бері 90,9 млрд теңгеге ұлғайып, 01.02.2004 ж. жағдай бойынша 324,5 млрд теңге болды.


Банк секторы жиынтық активтерінің қозғалысы мен құрылымы	01.01.04		01.12.04		өсім, %-бен
	млрд. теңге	нәтижеге қатысты, %-бен	млрд. теңге	нәтижеге қатысты, %-бен	
Ақша	45,0	2,7	55,8	2,2	24,0
Корреспонденттік шоттар	68,8	4,1	146,5	5,7	113,0
Бағалы қағаздар	328,3	19,6	447,6	17,6	36,3
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	84,6	5,0	78,5	3,1	-7,2
Банкаралық қарыздар	39,2	2,3	74,9	2,9	91,0
Клиенттерге берілген қарыз	1 047,4	62,6	1 642,3	64,4	56,8
Капиталға салынған инвестиция және субординациялық борыш	10,0	0,6	13,6	0,5	35,7
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	33,6	2,0	41,3	1,6	23,0
Өзге активтер	19,1	1,1	50,0	2,0	161,8
<b>Барлық актив</b>	<b>1 676,0</b>	<b>100</b>	<b>2 550,5</b>	<b>100</b>	<b>52,2</b>

Банк активтерінің құрылымында негізгі үлес қарыздарға (64,4%) (бұған банкаралық қарыздар қосылмайды), бағалы қағаздар портфеліне (17,5%), корреспонденттік шоттарға (5,7%) тиеді. Активтердің ұлғаюы, негізінен, клиенттерге берілетін қарыздар есебінен 594,9 млрд. теңге (56,8%) мүмкін болды, сондай-ақ бағалы қағаздардың 119,3 млрд. теңгеге (36,3%) және банкаралық қарыздардың –35,7 млрд. теңгеге (91,0%) өсуі нәтижесінде болды.

Структура активов банковского сектора по состоянию на 01.01.2004г. (%)



Структура активов банковского сектора по состоянию на 01.12.04г. (%)



2004 жылдың 11 айында жіктеленуге тиіс активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері 3 112, 9 млрд теңгеге (58,3 %) жетті.

Жалпы, қарастырылып отырған кезең ішінде активтер мен шартты міндеттемелер сапасы жағынан айтарлықтай өзгеріс байқалған жоқ. Стандарттық активтер мен шартты міндеттемелердің үлес салмағы аса көп азайған жоқ - 74,6 %-дан 72,0 %-ға дейін, күмәнді және үмітсіз міндеттемелер үлесі өсе түсті: тиісінше - 24,2 %-дан 26,5 %-ға дейін және 1,2 %-дан 1,5 %-ға дейін.

Банктердің кредит портфелі құрылымында қарастырылып отырған кезеңде стандарттық кредиттер үлесі 60,8 %-дан 55,0 %-ға дейін азайды, күмәнділердің үлесі 37,1 %-дан 42,4 %-ға дейін, үмітсіздердің үлесі 2,1 %-дан 2,6 %-ға артты.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.04		01.12.04	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	нәтижеге қатысты, %	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	нәтижеге қатысты, %
<b>Барлық несиелік портфель</b>	<b>1 086,6</b>	<b>100</b>	<b>1 717,2</b>	<b>100,0</b>
<b>Стандарттық</b>	<b>660,1</b>	<b>60,8</b>	<b>945,2</b>	<b>55,0</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>403,6</b>	<b>37,1</b>	<b>728,0</b>	<b>42,4</b>
<b>1 санаттағы күмәнді - төлемдер толығымен және уақытында жасалғанда</b>	283,7	26,1	545,9	31,8
<b>2 санаттағы күмәнді - төлемдер кешіктірілгенде және толығымен төленбегенде</b>	35,0	3,2	57,9	3,4
<b>3 санаттағы күмәнді - төлемдер уақытында және толығымен жасалғанда</b>	49,5	4,6	80,5	4,7
<b>4 санаттағы күмәнді - төлемдер кешіктірілгенде және толығымен төленбегенде</b>	15,5	1,4	17,8	1,0
<b>5 санаттағы күмәнді</b>	20,0	1,8	25,9	1,5



Үмітсіз	22,9	2,1	44,0	2,6
---------	------	-----	------	-----

### Міндеттемелер.

2004 жылдың 11 айы ішінде екінші деңгейдегі банктер міндеттемелері 803,8 млрд. теңгеге (53,9 %) ұлғайды және 01.12.04 ж. жағдайға сәйкес 2 295,1 млрд. Теңге болды.

Банктер міндеттемелерінің ұлғаюына клиенттердің депозит базасының өсімі айтарлықтай ықпал етті. Мәселен, клиенттер алдындағы міндеттемелер 57,3 %-ға ұлғайып, 1 534,0 млрд теңгеге жетті, ал олардың банк секторы бойынша міндеттемелердің жалпы жиынтығындағы үлесі 66,8 % болды.

Банк секторының міндеттемелер жиынтығының динамикасы мен құрылымы	01.01.04		01.12.04		өсім, %
	млрд. теңге	нәтижеге қатысты, %	млрд. теңге	нәтижеге қатысты, %	
Клиенттер алдындағы міндеттемелер	975,1	65,4	1 534,0	66,8	57,3
Банкаралық депозиттер	69,0	4,6	102,8	4,5	49,0
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	7,5	0,5	5,8	0,3	-23,1
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар	17,7	1,2	18,0	0,8	1,6
Банк операцияларының жекелеген түрлерін іске асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған қарыздар	217,4	14,6	318,8	13,9	46,7
Бағалы қағаздармен жүргізілетін «РЕПО» операциялары	76,9	5,2	29,6	1,3	-61,5
Субординациялық борыштар	58,8	3,9	88,6	3,9	50,7
Айналымға шығарылған бағалы қағаздар	27,8	1,9	97,2	4,2	249,7
Өзге кредиторлар	21,4	1,4	61,7	2,7	188,3
Өзге міндеттемелер	19,7	1,3	38,6	1,7	96,1
Барлық міндеттеме	1 491,3	100	2 295,1	100	53,9

**Өтімділік.** 2004 ж. қараша айында банк жүйесі өтімділігінің артықшылық деңгейі сақталып қалды. Ағымдағы өтімділіктің жинақтаушы коэффициенті 11 айдың ішінде 0,90-нан 1,04-ке дейін көтерілді (жекелеген банк үшін ең төменгі норма - 0,3). Қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті 2004 жылдың 1 желтоқсанында 1,03 болды (ең төменгі шамасы - 0,5).

**Табыстылық.**

2004 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша екінші деңгейлі банктер тапқан таза табыстың жиынтығы 35,9 млрд теңге мөлшерінде болды (2003 ж. 01 желтоқсанында - 27,3 млрд теңге). Табыстың жиынтық мөлшері 286,4 млрд теңге (2003 ж. 01 желтоқсанында - 200,7 млрд теңге), шығыстың жиынтығы - 250,5 млрд теңге (2003 ж. 01 желтоқсанында - 173,4 млрд теңге) болды.

Айта кететін бір жәйт - 2004 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес банктердің тапқан таза табысы алдыңғы жылдың сол кезеңімен салыстырғанда 31,5 %-ға артық болды.

**Банк секторының шоғырлануы.**

2004 жылдың 01 желтоқсанындағы жағдай бойынша банк секторы акивтерінің жиынтығындағы аса ірі 3 банктің үлесі аздап қана төмендеді - 62,42 %-дан (қаңтарда) 62,39 %-ға дейін (қарашада), осы 3 банктің банк секторындағы міндеттемелік үлесі де азайды - 64,11%-дан 63,77 %-ға дейін.


Банк секторының несиелік портфель жиынтығындағы 3 банктің үлесі 66,57 % болды.

Жеке тұлғалар депозиттерінің үлесі де осы 3 банкте басым болып отыр - 65,9 %.


<b>Банк секторы жиынтығындағы үлесі</b>	<b>01.01.04</b>	<b>01.12.04</b>
Ірі үш банктің активтері	62,42	62,39
Ірі үш банктің міндеттемелері	64,11	63,77
Ірі үш банктің меншікті капиталы	50,95	54,88
Ірі үш банктің несиелік портфелі	65,33	66,57
Ірі үш банктегі клиенттер депозиттері, оның ішінде:	64,68	65,90
- заңды тұлғалар	62,86	66,75
- жеке тұлғалар	68,01	63,67

**Бәсекелестер туралы мәлімет.** 2005 ж. 01 қаңтарындағы жағдай бойынша банк секторындағы активтер жиынтығындағы үш ірі банктің үлесі 2004 жылдың қазан айымен салыстырғанда 61 пайыздан 62 пайызға дейін, ал банк секторының міндеттемелер жиынтығындағы үш ірі банктің үлесі 62,0 пайыздан 63,0 пайызға дейін өсті. Несиелік портфельдер жиынтығы бойынша аталған үш банктің үлесі 2005 жылдың қаңтарында 65 пайызды құрады.


2005 жылдың 01 қаңтарындағы жағдайға сәйкес қалыптасқан екінші деңгейлі банктер бойынша мәліметтер:




Екінші деңгейлі банктер бойынша жинақталған баланста 3 ірі банктің үлесі 2005 жылғы 01 қаңтардағы жағдайға сәйкес - 49 пайыз, жарғылық капитал үлесі 34 пайыз деңгейінде болды. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның осы аталған баланстағы үлесі 13 пайызды құрады, ал жарғылық капиталдағы үлесі 10 пайызға тең болды.



Айта кететін бір жағдай, клиенттер міндеттемелерінің 63 пайызы мен депозиттер көлемінің 66 пайызы Қазақстанның ірі банктерінің үштігінде шоғырланған. Ал «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның бұл көрсеткіштер бойынша үлесі міндеттемелер жиынтығында - 15 пайыз, клиенттер депозиттерінде 14 пайыз болып отыр.



Үш ірі банктің субординациялық борыш бойынша баланстық жиынтықтағы үлесі 62 пайызды құрады, оның ішінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның аталған борыш құрамындағы үлесі - 14 пайыз.



«Қазақстан Халық Банкі» АҚ берген кредиттерінің көлемі (нетто) мен депозит базасының көрсеткіштері мен орташа көрсеткіштерге жасалған салыстырмалы талдау нәтижесі Банктің аталған қаржы рыноктарында алдыңғы орындарда келе жатқандығын көрсетіп отыр. Банк активтерінің құрылымында табысты активтердің орташа үлес салмағы жоғары болумен қатар, басқа банктермен салыстырғанда, өтімді активтердің үлес салмағы да айтарлықтай жоғары деңгейде сақталып отыр.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның таза табысының қарқынды өсімі, активтер табыстылығы мен меншікті капиталдың көрсеткіш мәнінің жоғары болуы тәуекелдік қаражат салымын сақтай отырып, Банк акционерлеріне нарық талаптарына сәйкес табыс алуды қамтамасыз етуге мүмкіндігін туғызады. Жалпы алғанда, Банк қызметінің салалық орташа көрсеткіштерге қатысты алғандағы салыстырмалы сипаттамасы Банктің бәсеке қабілетін, клиенттер қажеттігін барынша қанағаттандыру үшін банк өнімдері мен қызметтерінің барлық спектрін дамыту әлеуетінің жеткілікті екендігін көрсетеді.

## 20. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет) табыстылығына жағымды және жағымсыз ықпал ететін факторлар

Банк қызметінің негізгі түрлері бойынша табыстылыққа мына факторлар ықпал етті:

- Қазақстанда төрт жылдағы тұрақты экономикалық өсім, кәсіпкерліктің белсенділік танытуы және халық табысының өсуі қаржылық рынок көлемінің ұлғаюына әсер етті. Банк ұсынған қарыздар мен басқа да қаржы қызметтеріне корпоративтік клиенттер тарапынан ғана емес, шағын және орта бизнес өкілдері мен тұрғындар арасынан да сұраныс артты. 2003-04 жылдары Банк тұтыну және ипотекалық кредит рыногындағы қызметтерін жандандырды.
- Инфляция деңгейі мен ұлттық валютаның тұрақты бағамы Қазақстанның қаржы секторындағы тұрлаулылық жағдайының сақталуына ықпал етті (2004 жылдың желтоқсаны мен 2005 жылдың қаңтарында инфляцияның жылдық деңгейінің диапазоны 6,7 % - 6,8 % болды, бұл ҚР үкіметі мен Ұлттық банк белгілеген индикативтік көрсеткішке (5-7 %) сәйкес келді).
- 2004 жылы Банктің бірінші облигациялық бағдарлама шеңберінде субординациялық облигациялардың екінші шығарылымын және қарапайым акциялардың сегізінші шығарылымын орналастыруы оның меншікті капиталының көлемін 1,5 еседен аса ұлғайтып, өсім қарқынын айтарлықтай арттыруға және табыстылық көрсеткіштерін барынша жақсартуға мүмкіндік берді. 2004 жылдың ішінде Банк еліміздің банк жүйесіндегі өзінің активтер мөлшері, капитал көлемі бойынша алатын орнын біршама жақсартып, кредит және депозит рыногындағы үлесін арттырды.
- Банктің филиал желісінің кеңінен таралуы және еліміздің барлық өңірінде банк бөлімшесінің болуы оған корпоративтік клиенттерден гөрі әлдеқайда көп табыс әкелетін шағын және орта бизнеске кредит беру қарқынын барынша ұлғайтуға мүмкіндік берді.
- Банк клиенттерді сегментке бөлу қағидасына сүйенген бөлшек бизнесті дамытудың жаңа маркетингтік саясатын жасау және енгізу арқылы клиенттердің әр түрлі топтары үшін банк қызметін ұсынудың тиісті арналарын қалыптастыруға қол жеткізді, бұл өз кезегінде Банкке тартылған жалпы клиенттер легін өсіре түсті. 2003-2004 жылдары Банк бөлшек бизнес қызметі бөлімшелеріне қайта құрылымдау жүргізді, төрт облыстық филиалдың құрамында VIP-орталықтар мен дербес қызмет көрсету орталықтары ашылды, он филиалда дербес қызмет көрсету орталықтары интернет-кассалар негізінде ашылды.

Банк қызметінің негізгі түрлері бойынша табыстылыққа мынадай жағымсыз факторлар теріс ықпал етті:

- Қазақстанның қор биржасында, биржалық айналымдар саны айтарлықтай өскенімен, жалпы осы рыноктың даму мәселелері өзекті күйінде қалды: инвесторларды қолайлы тәуекелдігімен және табыстылығымен қанағаттандыратын қаржы құралдары жетіспеді, зейнетақы активтерінің тұрақты түрде өсуі рынокта жоғары өтімділік туғызды. Осының нәтижесінде Банктің бағалы қағаздарға салған қаржысының қарқыны біршама жоғары болғанымен (өсім екі есе артты), тапқан пайыздық табысы айтарлықтай болмады. Сондықтан Банктің бағалы қағаздар портфелі табыстылық деңгейінің төмендегені байқалды, жалпы алғанда, бұл қор рыногында қалыптасқан конъюнктураға сәйкес болды.

- Кең таралған филиалдар желісін ұстап отыруға жұмсалатын шығын көлемінің ұлғаюы, жарнама шығыстарының өсімі және жөндеу жұмыстарының көбеюі Банк шеккен жалпы шығыс деңгейін арттырды.

**21. Соңғы екі жылда сатылған өнім (орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет) көлемі**

Екінші деңгейдегі банктер толтырмайды.

**22. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарын, қызметін) сатуды ұйымдастыру қызметі**

Екінші деңгейдегі банктер толтырмайды.

**23. Акционерлік қоғам қызметіне әсер ететін факторлар:**

- 1) маусымдық сипаты бар қызмет түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы табысындағы үлесі:

Банк қызметі маусымдылықпен сипатталмайды.

- 2) акционерлік қоғамға жеткізілетін шикізаттағы (жұмыс, өнім) импорттың үлесі және акционерлік қоғам сататын өнімнің жалпы көлеміндегі экспортқа шығарылатын өнім (жұмыс, өнім) үлесі:

Екінші деңгейдегі банктер толтырмайды.

- 3) акционерлік қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәлімет:

нәтижесінде банк қызметі тоқтатылатын немесе өзгертілетін, банкке ақшалай немесе басқа міндеттемелер түрінде айтарлықтай айып салынатын сот процестеріне «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қатыспайды.

- 4) соңғы бір жыл ішінде банкке және оның лауазымды тұлғаларына тиісті мемлекеттік органдар және/немесе сот орындары салған барлық әкімшілік айып туралы мәліметтер:

Айып салынған күн	Айып салған орган	Айып салудың себебі	Айып түрі	Айып мөлшері мың теңге)	Айыптың орындалу дәрежесі
15.01.04	Алматы қ. Алмалы ауд-қ салық к-ті	№ 7248 жарнама шарты бойынша Бас банкке өсімпұл есептелді	өсімпұл	14	бюджетке аударылды
23.01.04	Алматы қ. бойынша СК	23.01.04 ж. №118 хабарламаға сәйкес тексеру акті бойынша, КОАП 210.1-бабы	әкімш айып	150	бюджетке аударылды
16.02.04	Алматы қ. Әуезов ауд-қ салық к-ті	2000-2002 ж. кезеңдегі ИПН, тексеру акті бойынша	айып	78	бюджетке аударылды
16.02.04	Алматы қ. Әуезов ауд-қ салық к-ті	2000-2002 ж. кезеңдегі әлеуметтік салық, тексеру акті бойынша	айып	135	бюджетке аударылды
16.02.04	Алматы қ. Әуезов ауд-қ салық к-ті	2000-2002 ж. кезеңдегі ИПН, тексеру акті бойынша	өсім пұл	166	бюджетке аударылды

Айып салынған күн	Айып салған орган	Айып салудың себебі	Айып түрі	Айып мөлшері мың теңге)	Айыптың орындалу дәрежесі
16.02.04	Алматы қ. Әуезов ауд-қ салық к-ті	2000-2002 ж. кезеңдегі әлеуметтік салық, тексеру акті бойынша	өсім пұл	230	бюджетке аударылды
17.02.04	ҚР Төтенше жағдайлар агенттігі	Өрт қауіпсіздігін тексеру хаттамасына сәйкес	айып	5	бюджетке аударылды
03.2004г.	ҚР Ұлттық Банкі	Статистикалық есептілікті уақытында бермегені үшін	айып	9	бюджетке аударылды
06.04.04	Жезқазған қ. б-ша СК	2000-2002 ж. кезеңдегі әлеуметтік салық, тексеру акті бойынша	өсім пұл	641	бюджетке аударылды
06.04.04	Павлодар қ. б-ша СК	Төлем коды дұрыс терілмегені үшін	өсім пұл	1	бюджетке аударылды
12.04.04	Өскемен қ. б-ша СК	қайта тіркеуден уақытында өтпегені үшін	айып	202	бюджетке аударылды
16.04.04	Астана қ. б-ша СК	Аукциондық сату алымын уақытында аудармағына үшін	өсім пұл	8	бюджетке аударылды
16.04.04	Жезқазған қ. б-ша СК	2000-2002 ж. кезеңдегі әлеуметтік салық, тексеру акті бойынша	айып	500	бюджетке аударылды
26.04.04	Талдықорған қ. б-ша СК	Заңды тұлғалардан КПН уақытында аударылмағаны үшін	өсім пұл	1	бюджетке аударылды
28.04.04	ҚР Ұлттық банкі	Лицензия алу ережелерін бұзғаны үшін	айып	46	бюджетке аударылды
28.04.04	БҚО Бөрлі ауд-қ СК	Қоршаған ортаны қорғау туралы есептің уақытында берілмегені үшін	айып	18	бюджетке аударылды
07.05.04	Шығыс Қазақстан қалалық ІІБ	Банкке кіреберісте урнаның болмағаны үшін	айып	5	бюджетке аударылды
18.05.04	Маңғыстау обл.ІІБ	Ату қаруын тексеру актісіне сәйкес	айып	5	бюджетке аударылды
11.05.04	Алматы қ. Бостандық ауд-қ СК	Бейрезидент табысынан ұсталған КПН уақытында аударылмағаны үшін	өсім пұл	181	бюджетке аударылды
02.06.04	Шығыс Қазақстан обл. МАИ	Банк автомобилі терезесінің қараңғыланғаны үшін	айып	1	бюджетке аударылды

Айып салынған күн	Айып салған орган	Айып салудың себебі	Айып түрі	Айып мөлшері мың теңге)	Айыптың орындалу дәрежесі
11.06.04	Қарағанды обл. Абай ауд-қ СК	2003 ж үшін ИПН, тексеру акті бойынша	өсім пұл	3	бюджетке аударылды
22.06.04	Байқоңыр қ. б-ша СК	Жарнама бойынша мағлұмдама берілмегені үшін	айып	1	бюджетке аударылды
22.06.04	Байқоңыр қалалық соты	Филиалдың есептік қайта тіркелуіне байланысты заң бұзушылық тур. Хаттамаға сәйкес	айып	18	бюджетке аударылды
23.06.04	ҚР Ұлттық Банкі	Валюталық есептердің бұрмаланғаны үшін	айып	37	бюджетке аударылды
30.06.04	ҚР Ұлттық Банкі	Есептеменің уақытында берілмегені үшін	айып	460	бюджетке аударылды
05.07.04	ҚР Ұлттық Банкі	Валюталық заңнаманың бұзылғаны үшін	айып	919	бюджетке аударылды
09.07.04	ҚР Ұлттық Банкі	Валюта шоттарын ашу ережелерін бұзғаны үшін	айып	46	бюджетке аударылды
16.07.04	ҚР Ұлттық Банкі	Валюта шоттарын ашу ережелерін бұзғаны үшін	айып	263	бюджетке аударылды
20.07.04	Бөрлі ауд-қ СК	Бюджет төлемдерін уақытында аудармағаны үшін	өсім пұл	1	бюджетке аударылды
22.07.04	ҚР Төтенше жағдайлар жөн. агенттігі	өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін	айып	5	бюджетке аударылды
23.07.04	ҚР Төтенше жағдайлар жөн. агенттігі	өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін	айып	4	бюджетке аударылды
29.07.04	Ақжар ауд-қ СК	Бюджет төлемдерін уақытында аудармағаны үшін	өсім пұл	9	бюджетке аударылды
09.08.04	РФ Қаржы басқармасы	ЕСН бойынша есепті уақытында бермегені үшін	айып	2	бюджетке аударылды
12.08.04	Қызылорда қалалық соты	ОФ уақытында қайта тіркелмегені үшін	айып	18	бюджетке аударылды
12.08.04	ҚР Ұлттық банкі	Валюта заңнамасы ережелерін бұзғаны үшін	айып	551	бюджетке аударылды
20.08.04	Ақмола қ. бойынша СК	Мүлік салығының уақытында аударылмағаны үшін	өсім пұл	1	бюджетке аударылды
21.08.04	Алматы қ. Медеу ауд-қ СК	Төлем көзінен ұсталған ұсталған КПН салығы уақытында аударылмағаны үшін	өсім пұл	164	бюджетке аударылды
23.09.2004	Бөрлі ауд-қ СК	Сыртқы жарнама төлемақысын уақытында аудармағаны үшін	өсім пұл	9	бюджетке аударылды



Айып салынған күн	Айып салған орган	Айып салудың себебі	Айып түрі	Айып мөлшері мың теңге)	Айыптың орындалу дәрежесі
30.09.2004	Уәлиханов ауд-қ СК	Бюджет төлемдері уақытында аударылмағаны үшін	өсім пұл	9	бюджетке аударылды
03.10.2004	РФ Қаржы басқармасы	ЕСН бойынша есептің уақытында берілмегені үшін	айып	151	бюджетке аударылды
26.10.2004	Алматы қ. Бостандық ауд-қ СК	Бейрезидент табысының төлем көзінен ұсталған ұсталған КПН уақытында аударылмағаны ж/е бейрезиденттің ҚҚС үшін	өсім пұл	3 463	бюджетке аударылды
25.01.2005	Арыс ауд-қ СК	Бюджетке аударылатын төлемдер кезектілігін бұзғаны үшін	айып	18	бюджетке аударылды
	<b>Барлығы</b>			<b>8 548</b>	

#### 5) Тәуекелдер факторы

##### **Банкте тәуекелдер жүйесін басқарудың бүгінгі күнгі жағдайы**

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тұтастығын қалыптастыру және активтер мен пассивтерді басқару процесін оңтайландыру мақсатында Банкте тәуекел менеджменті бөлімшелері құрылған. Қазіргі уақытта Банкте сандық тәуекелдердің шамадан тыс туындауына шек қою үшін лимиттер жасалған, сондай-ақ сапалық тәуекелдерді бақылау жүйесінің тетіктері айқындалған және олар банктік операцияларды жүргізуді реттестіретін ішкі ережелерге енгізілген.

##### **Тәуекелдердің негізгі түрлері**

Банктегі тәуекелдерді басқару Банкте жасалған Тәуекел картасына сәйкес кемінде ай сайын жүргізілетін тәуекелдерді бағалау негізінде іске асырылады, Карта бойынша, негізінен, тәуекелдер мынадай түрге бөлінеді:

**Пайыздық тәуекел** сыйақы ставкаларындағы жағымсыз өзгерістер салдарынан пайда болады, оған орналастырылған активтер мен тартылған міндеттемелерді қайтару және өтеу мерзіміндегі сәйкессіздіктерден, сондай-ақ ставкалардың әр түрін қолданудан туындайтын шығындар жатқызылады.

**Валюталық тәуекел** шетелдік валюталар бағамындағы өзгерістермен байланысты туындауы мүмкін шығындардан тұрады. Шетел валютасымен операциялар жүргізгенде шығындарды неғұрлым азайту үшін Банк жүйелі түрде өзінің валюталық айқындамасының ахуалына мониторинг жасап отырады.

**Баға тәуекелі** қаржы құралдары портфелінің құны өзгеруі салдарынан пайда болуы мүмкін шығындардан құралады, сондықтан Банк аталған портфель құнына ықпал етуі мүмкін тиісті рынок секторларының даму қозғалысын тұрақты түрде зерттеп отырады.

**Кредиттік тәуекелдер** - бұл клиент шарт бойынша өз мойнына алған бастапқы ақшалай міндеттемелерін бұзған жағдайда пайда болуы мүкін шығын (қарыз, лизинг, факторинг, форфейтинг, ломбард, кепілдеме, т.б. операциялар жүргізілгенде). Аталған операцияларды жүргізгенде Банк өз шығындарын барынша азайтуға мүмкіндік беретін арнайы жасалған қаржыландыру лимитін қолданады.

**Өтімділікті жоғалту тәуекелі** - Банктің өз міндеттемелерін орындамауымен немесе тиісті түрде орындай алмауымен байланысты тәуекел. Банк өз клиенттері мен контрагенттері алдындағы міндеттемелерінің орындалуына кепілдік беретін өтімділік қаражаты мен қаржы құралдарының күн сайын толық көлемде қолда болу саясатын ұстанады.

**Пруденциалдық тәуекелдер** - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің міндетті нормативтерінің бұзылуы салдарынан туындауы мүмкін шығындар. Өзінің қандай да болсын операцияларын жүргізуден бұрын Банк аталған операция көрсеткіштерінің Ұлттық Банк қоятын пруденциалдық нормативтер талаптарына сәйкес келуін қатаң бақылайды.

**Операциялық тәуекел** - Банктің ішкі бақылауды ұйымдастыру талаптарын бұзуы (орындамауы) салдарынан туындауы мүмкін шығындар. Операциялық тәуекелге сонымен қатар операцияларды іске асырушы жүйелерде (компьютерлерде) болатын ақаулар салдарынан пайда болатын тәуекелдер де қосылады. Операцияларды жүргізу кезінде Банк функцияларды офистер бойынша бөліп іске асыру қағидатын қолданады.

Тәуекелдерді басқару процесінде шарт бекітілгенге дейін Фронт-офис:

- Банктің мәміле бойынша қабылдайтын тәуекелдерін анықтау мақсатында контрагент туралы ақпаратты шарт бекітілетін кезеңде болсын, шарт әтекет ететін кезең барысында болсын, жеткілікті көлемде жинастырады; тәуекел деңгейін ескеретіндей шешім қабылдауға ықпал етеді;
- жобаны кемінде екі растамалық деңгеймен ұсынады;
- шарт бойынша қарым-қатынастарды заңдық жағынан келістіреді.

Мидл-офис тәуекелдерді басқару процесінде мынадай әрекеттер жасайды:

- мәміленің толығымен, дәл және уақытында көрсетілуін бақылайды;
- ҚР реттеуші органдары мен Банктің тиісті органдарының талаптарына сәйкес Банк портфельдерінің ахуалдары туралы есептер әзірлейді.

Бэк-офис тәуекелдерді басқару процесінде:

- Бухгаотерлік есептің ақша қозғалысын халықаралық стандарттарға сәйкес іске асырады;
- ҚР реттеуші органдарының талаптарына сәйкес қаржылық есептеме әзірлейді.

**Құқықтық тәуекел** - Банктің Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнама талаптарын бұзуы немесе Банктің ішкі ережелері/құжаттарының, қызметі мен рәсімдерінің аталған заңнамаға сәйкес келмеуі салдарынан, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қатысты - аталған қарым-қатынастарды

реттестіретін басқа мемлекеттердің заңнамасымен сәйкессіздік салдарынан пайда болуы мүмкін шығындар.

**Портфельдердің шоғырлану тәуекелі** - Банктің өз қызметін банк өнімдерінің бір түріне, сондай-ақ бір өңірде немесе салада шамадан тыс шоғырландыруы не болмаса шешім қабылдау мәселесінің бір қолға берілуі салдарынан пайда болуы мүмкін шығындар.

Өз қызметінде Банк активтерді рыноктың барлық секторлары, қаржы құралдары бойынша және ел өңірлері мен экономика салаларының барлығында барынша саралап таратуға ұмтылады. Ал басқарушылық шешім қабылдау кезінде Банкте функцияларды бөлу саясаты жүргізіледі.

**Беделдік тәуекелдер** - іскерлік белсенділіктің төмендеуі салдарынан пайда болуы мүмкін шығындар. Қор рыногындағы кез келген компанияның бағалы қағаздарының бағасы басқа факторлармен қатар компанияның өз беделіне (имиджіне) де байланысты болады. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздар шығара отырып, еліміздің ертеден келе жатқан көне және тұрақты қаржы мекемесі ретіндегі өз беделін сақтап қалуға міндеттенеді. Бұл жағдайда Банктің халыққа қызмет көрсетудегі бір бір ғасырға жуық тарихын алға тартуға болады, елдің банк жүйесіндегі әлеуетті клиенттерінің басым көпшілік бөлігі Халық банкімен байланыстырылады.

**Экономикалық тәуекелдер** - Банктің Даму стратегиясына сәйкес қойылған тәуекелдерді басқарудың толық функциялы жүйесін жасау міндетін орындай отырып, сондай-ақ банктік қадағалудың Базель комитеті қойған капитал жеткіліктілігі бойынша жаңа қағидаларының талаптарын ескере отырып, Банк экономикалық тәуекелдердің негізгі түрлерін бағалау, талдау және басқару жүйесін дамыту жұмысын жүргізіп отыр.

Банктің әмбебап тұрпатта дамытылуы, банк филиалдарының активтік операцияларды жүргізу, банк өнімдері мен қызметтерін ұсыну және сату мәселесіндегі уәкілеттілігінің кеңейтілуі тәуекелдерді басқарудың қатаң орталықтандырылған саясатымен тікелей ұштастырылады. Қазіргі сәтте Банкте ірі контрагенттер, өңірлік, салалық және құрылымдық лимиттер бойынша тәуекел орнатудың және бақылаудың орталықтандырылған бірыңғай жүйесі жұмыс істейді, оған сәйкес негізгі операциялар түрлерінің нарықтық тәуекелдері шектелінеді, сонымен қатар Банкте бірыңғай пайыздық және тарифтік саясат енгізілген. Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін жасаумен қатар белгіленген лимиттердің орындалуына және пайдаланылуына ішкі бақылау деңгейі күрт арттырылып отыр.

Банктің бас офисінде кредиттік, нарықтық және операциялық тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшелер құрылған. Болашақта осы аталған бөлімшелердің бағыныштылық желісі тәуекелдер лимитін белгілеу, алдын ала, ағымдағы және кейінгі бақылауға жауаптылық тұрғысынан бөлінетін болады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ішкі банктік бақылау жүйесін жетілдіру болып табылады.

Банктің ішкі бақылау және аудит басқармасы банктік операциялар жүргізудің ішкі рәсімдеріне және банктік заңнаманың орындалуына қатаң бақылау жасайды, Банктің барлық филиалдары мен дербес құрылымдық

бөлімшелерінде жыл сайын құжаттық тексерулер, касса тораптары мен айырбас пунктерінде кездейсоқ тексерулер жүргізіп отырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес кешендік бақылау жүргізу, ішкі бақылауды күшейту мақсатында бэк-офис құрылымдары ашылған, бөлшек бизнес операциялары, дилингтік операциялар, клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша жекелеген бэк-офистер құрылған, бэк-офис пен фронт-офис функцияларының ара-жігі ажыратылып, бағыныштылық желісі бөлінген. Жүргізілген банк операцияларына одан кейінгі бақылау жүргізу жүйесі құрылу үстінде. Келешекте Банк филиалдарының құрылымында да тиісті өзгерістер жасалатын болады.

Тәуекелдерді басқару саласындағы стратегия шеңберінде активтер құрастырғанда Банк өтімділікті жеткілікті деңгейде ұстап тұруға, активтер мен пассивтердің мерзімі мен валюта түрлері бойынша құрылымын баланста ұстауға ұмтылады.

ҚР Ұлттық Банкі белгілеген пруденциалдық нормативтер мен орындалуға тиіс басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді Банк тиісті түрде орындап отыр. Банкпен ерекше қарым-қатынаста емес бір қарызгерге бөлінген тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің нормативтік коэффициент мәнін кезең-кезеңмен төмендету шараларының ҚР Ұлттық Банкімен келісілген жоспары қатаң орындалады.

Пайыздық ставка тәуекелін басқарудың негізгі құралы инвестициялық және ұзақ мерзімдік активтер көлемін қатаң лимиттеу, бағалы қағаздар портфелі құрылымына уақытша шектеу қою, сондай-ақ бірыңғай пайыздық саясат жүргізуді қолға алу болып болады. Қолда бар баланс құрылымы нарықтық ставкалар өзгерісіне жеткілікті дәрежеде төтеп бере алады. Пайыздық тәуекел деңгейінің азаюы баланс пассивіндегі корпоративтік клиенттерден тартылған қаржы үлесімен және депозиттермен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар халықаралық қаржы институттарының орта мерзімді және ұзақ мерзімді қарыздарының үлесі ұлғайып отыр.

Пайыздық және бағамдық тәуекелге шек қою мақсатында бағалы қағаздарға салынған барлық қаражат өтімділік және табыстылық дәрежесіне, ресурс базасының ахуалына қарай лимиттеледі. Қор биржасындағы операциялар көлемі шын мәнінде түгелдей орталықтандырылған деуге болады, Банктің Қазынашылық қызметі оларды филиалдардан түсетін өтінімдер бойынша орындайды. Корпоративтік бағалы қағаздар рыногындағы тәуекел деңгейінің өте жоғары болуына байланысты операциялар Қор биржасы листингіне енгізілген бағалы қағаздармен ғана жүргізіледі.

Банк валюталық тәуекелдерді басқаруда икемді саясатты іске асырып отыр және АҚШ доллары мен еуродан басқа валюталар бойынша біршама ашық айқындама ұстанады.

Кредит портфелінің жоғары қарқындылықпен дамуы жағдайында Банк кредит тәуекелдерін бақылауға және басқаруға ерекше көңіл бөледі. Кредит тәуекелдерін лимиттеудің, бақылаудың және басқарудың орталықтандырылған жүйесі ірі кредит тәуекелдері деңгейін реттестіру және шоғырландыру процесін үнемі жетілдіріп отырумен толықтырылады. Мұнымен қатар кредиттік портфель

сапасы жақсартылуда, қамтамасыз етудің өтімділігін бағалау жолдары нығайтылды.

Өтімділік тәуекелін басқаруға мән беріліп, басты назар аударылып отыр.

Банктің мерзімдік міндеттемелері көлемін ұлғайту капиталдың өсімімен қатар өтімділік көрсеткішін айтарлықтай жоғары деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді. Талап ету шоттары бойынша міндеттемелерді жоғары өтімді активтермен толық жабу қамтамасыз етілді деуге болады. Қысқа мерзімді өтімділік тәуекелін азайту мақсатында Банк қысқа мерзімге кредит беру операцияларын, оның ішінде овердрафт кредиттерін беруді белсенді түрде дамытып отыр, өтелу мерзімдері ұзартылған пассивтер тарту өсіп келеді.

Операциялар ауқымының ұлғаюы, жұмыстың жаңа бағыттары мен бүгінгі күннің жаңа банк өнімдерін дамыту операциялық тәуекелдерді азайту үшін қосымша шара қолдануды, сонымен қатар банктің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізуді талап етті. Банктің қорғалу дәрежесі, пайдаланылатын банктік технологиялар мен электрондық есептер жүйесінің қауіпсіздігі, үй-жайларды техникалық тұрғыдан нығайту айтарлықтай өсті.

**Бәсекелестік ықпалы** - бүгінгі күнгі банк бизнесін жүргізу шарттары Банктің алдына тұрақтылық пен тұрлаулылықты нығайту мақсатын, сондай-ақ банк ісін жүргізудің, операциялар жүргізу мен қызмет көрсетудің халықаралық банк практикасында қабылданған стандарттарына шынайы қол жеткізу талабын қойып отыр.

Өз активтері мен пассивтерін сапалы басқаратын, сонымен қатар тиісті шектеулерді ескере отырып, неғұрлым жоғары табыстылыққа қол жеткізу мүмкіндігімен ресурстар тартатын және орналастыратын банк бәсеке қабілеті жоғары банк болып табылады. Осы орайда Банк тәуекелдер мен табыстылықты ұштастыратын ақылға сыйымды қағидаға негізделген активтер мен пассивтерді қалыптастыру стратегиясын жасады.

Банк қызметінің басты ерекшелігі интенсивті маркетинг, тиісті стандарттар мен саралау нәтижесінде клиентке толығымен шынайы бет бұру, табыстылыққа баса көңіл қоя отырып, капиталды икемді және тиімді орналастыру, жаңалықтарға ұмтылу болып табылады. Банк үшін ең басты құндылық - клиенттерге олардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы қызмет көрсету. Осылайша, банк пен клиент арасында өзара тиімді серіктестік, әсіресе, банктік мәмілелерде сенімділікке негізделген қарым-қатынас қалыптасады. Өз кезегінде клиенттердің объективтік және субъективтік пайдасын ұлғайту оларды толығымен қанағаттандыратын болады және тартылатын клиенттер санын көбейтеді, сөйтіп табыс өсімін арттыра түседі.

**Әлеуметтік тәуекелдер** - басқарудың ескі жүйесімен салыстырғанда жаңа жағдайларда жаңа ұйымдық функциялар пайда болады; даму стратегиясы мен саясатын жасау, қажетті еңбек ресурстарын іздестіру, құрылымды жетілдіру, т.б. Банк өнімдерін табысты жылжыту және бәсеке қабілеті бар қызмет көрсету, сонымен қатар бір уақытта шығын көлемін неғұрлым азайту үшін қызметкерлерді басқару мәселелеріне баса көңіл бөлінеді, өйткені жаңа жағдайда негізгі ресурс кадр болып табылады. Адамдық фактор тұрғысынан алғанда менеджмент басты

рольге ие болып отыр, шешім қабылдауда қызметкердің кәсіби қабілетіне негізделген әлеуеті мен ішкі түйсігіне маңыз беріледі.

Банк жеке меншік қаржылық-кредит мекемесі болып табылатындықтан, әлеуметтік тәуекелдер факторы мұнда барынша азайтылған. Банктің алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін ұйымдық құрылым қалыптастыру ісі айқындалып, тиісті жолға қойылған. Басты міндеттің бірі - алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін банк қызметкерлерінің қызметтік белсенділігін арттыру болып табылады. Бұл үшін қызметкерлерді экономикалық және моральдық тұрғыдан ынталандыру жүргізіледі, олардың кәсіптік жағынан өсіп-дамуы үшін жағдай жасалынған. Қызметкерлер құрамы бірнеше қызмет түрін меңгеруге қабілетті, білімді мамандар есебінен жаңартылады. Банктің тұрлаулылық әрі сенімділік беделі кәсіптік арнаулы білімі бар мамандарға қойылатын жоғары талаппен тікелей байланысты болып отыр. «Мансап» ұғым бүгінгі күні жаңа мазмұнға ие болып отыр, өйткені банктің сенім туғызарлық шынайы беделдігі жоғары кәсібилік және арнайы білімді иеленуді талап етеді.

**Техникалық тәуекелдер** – банк қызметі аясын кеңейту, бүгінгі күнгі банк үрдістерін жетілдіру пайдаланылатын материалдық ресурстарды, оның ішінде техникалық және басқа да ілеспелі-сүйемелдеуші құралдарды ұдайы жаңартып отыруды талап етеді.

Осыған байланысты Банк қолда бар құрал-жабдықты бірте-бірте жаңа құралдармен ауыстыруды, ескірген жабдықтарды уақытында есептен шығарып, техникалық және операциялық тәуекелдердің барлық түрін (оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз етудегі қателіктер мен ақаулар, электрондық коммуникация жүйесіндегі ақаулар тәуекелі) азайтатын жаңа ақпараттық технологияларды іске қосуды жүзеге асыруда.

Техникалық тәуекелдерге сонымен қатар өңірлердегі энергия көзімен қамтамасыз етудің тұрақсыздығын да жатқызуға болады, мұның салдары жергілікті филиалдар жұмысына теріс ықпал етеді. Мұндай фактор әсерін азайту мақсатында Банкте үздіксіз электр жарығы көздерімен, қосымша электр көздерімен, үнемді жарықпен қамтамасыз ету, жылу және вентиляция жүйелерін жарықпен қамтамасыз ету бағдарламасы жасалған.

**Экологиялық тәуекелдер** - Банк қызметі экологиялық тәуекелмен сипатталмайды.

#### **4. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

24-29 тармақтар бойынша банктер мәлімет бермейді.

#### **5. ҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

##### **30. Инвестициялар мен бағалы қағаздар портфелі**

*Эмиссия проспектісі шығарылатын мерзімдегі бағалы қағаздар портфелі*

<i>Инвестицияның түрі</i>	<b>01.01.04 ж. жағдай бойынша баланс құнының сомасы</b>	<b>01.01.05 ж. жағдай бойынша баланс құнының сомасы</b>	<b>01.02.05 ж. жағдай бойынша баланс құнының сомасы</b>
1	2	3	4
<b>Басқа заңды тұлғалардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар, оның ішінде:</b>	<b>1 273 542</b>	<b>1 989 257</b>	<b>1 989 271</b>
<i>Үлестес компанияларға инвестициялар</i>	<i>683 057</i>	<i>1 319 001</i>	<i>1 318 941</i>
<i>Тәуелді ұйымдарға инвестициялар</i>	<i>448 793</i>	<i>498 514</i>	<i>498 514</i>
<i>Субординациялық борышқа инвестиция</i>	<i>0</i>	<i>26 000</i>	<i>26 074</i>
<i>Өзге инвестициялар</i>	<i>141 692</i>	<i>145 742</i>	<i>145 742</i>
<b>Сатуға арналған бағалы қағаздар портфелі, оның ішінде:</b>	<b>2 301 352</b>	<b>26 252 973</b>	<b>29 724 534</b>
<i>Мемлекеттік бағалы қағаздар</i>	<i>1 411 638</i>	<i>25 369 779</i>	<i>28 306 779</i>
<i>Мемлекеттік емес бағ.қағаздар</i>	<i>889 714</i>	<i>883 194</i>	<i>1 417 755</i>
<b>Саудаға арналған бағалы қағаздар портфелі, оның ішінде:</b>	<b>39 914 330</b>	<b>34 130 809</b>	<b>37 107 636</b>
<i>Мемлекеттік бағалы қағаздар</i>	<i>37 251 384</i>	<i>31 607 509</i>	<i>34 903 079</i>
<i>Мемлекеттік емес бағ.қағаздар</i>	<i>2 662 946</i>	<i>2 523 300</i>	<i>2 204 557</i>
<b>Өтелгенше ұсталатын бағалы қағаздар портфелі, оның ішінде</b>	<b>6 160 237</b>	<b>23 887 741</b>	<b>23 839 294</b>
<i>Мемлекеттік бағалы қағаздар</i>	<i>4 851 760</i>	<i>19 475 778</i>	<i>19 427 331</i>
<i>Мемлекеттік емес бағалықағаздар</i>	<i>1 308 477</i>	<i>4 411 963</i>	<i>4 411 963</i>
<b>Кері РЕПО шарты бойынша бағалы қағаздар, в том числе:</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<i>Мемлекеттік бағалы қағаздар</i>	<i>0</i>	<i>0</i>	<i>0</i>
<i>Мемлекеттік емес бағалықағаздар</i>	<i>0</i>	<i>0</i>	<i>0</i>
<b>Барлығы</b>	<b>49 649 461</b>	<b>86 260 780</b>	<b>92 660 735</b>

**Банктің бағалы қағаздар портфелін басқару стратегиясы** консервативтік болып табылады және ол қаржы құралдарының өтімді және тұрлаулы табыс ағынын қамтамасыз етуге бағдарланған. 2005 ж. 1 ақпанындағы жағдайға сәйкес Банк портфеліндегі ҚР-ның мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 91,1 пайызды құрады. Банк портфеліндегі барлық мемлекеттік емес бағалы қағаздар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның «А» листингіне енгізілген. Сонымен қатар мемлекеттік емес бағалы қағаздар портфелі эмитенттердің салалық тиістілігіне және шығару валютасына сәйкес сараланған. Облигациялары Банк

портфеліне қосылған эмитенттер қатарында «Қазақстан Даму Банкі» АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ, АСҚ банкі, «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» АҚ сияқты ірі қаржылық институттар, сондай-ақ «Қаражанбас мұнай» АҚ, т.б ірі корпоративтік эмитенттер бар. Ұлттық валюта АҚШ долларына қатысты алғанда ревальвациялық үрдіске ие болып отырған жағдайда Банк портфеліне корпоративтік бағалы қағаздар сатып алу номиналдық құны теңгемен белгіленген немесе шығарылу шарты бойынша теңгенің ревальвациясынан қорғалған қаржы құралдарын сатып алу стратегиясына бағдарланған.

### Басқа ұйымдар капиталына инвестициялар

Қаржылық рынокқа қатысушы бола отырып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржы рыногының бірқатар инфрақұрылымдық компанияларына стратегиялық инвестор ретінде қатыса алады. Мұндай инвестициялар қаржы рыногында көрсетілетін қызметтің даму динамикасына және сапасына айтарлықтай ықпал ететін шешімдер қабылдауға жедел қатысу мақсатында іске асырылады.

Бұл қатардағы компанияларға «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» ЖАҚ, «Процессинг орталығы» АҚ, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ сияқты компаниялар жатады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның өз клиенттеріне көрсететін қаржылық қызметтерінің сапасын арттыру және аясын кеңейту мақсатында қаржы рыногына қатысушы компанияларға стратегиялық инвестициялар салу іске асырылады.

Мұндай компаниялар: «Халық Лизинг» АҚ - лизинг қызметімен айналысады, «Қазтелепорт» АҚ - телекоммуникациялық қызметпен айналысады, «Қазақстан Халық банкінің ЖЗҚ» АҚ - зейнетақы қоры болып табылады. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес компаниялар мен өзге заңды тұлғалар капиталына салған инвестицияларының жалпы көлемі 01.02.2005 ж. жағдай бойынша **1 989 271 мың теңге** болды.

№	Атауы	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ үлесі	Инвестиция сомасы, теңгемен	Акциялар саны, данамен	Заңды тұлға қызметінің сипаттамасы
1.	«Халық лизинг» АҚ	100%	150 000 000	1 000	Лизинг қызметі
2.	«Қазтелепорт» АҚ	100%	75 044 000	75 044	Теле-коммуникациялық қызмет
3.	HSBK (Europe) BV	100%	3 083 891 теңге (18 151,21 евро)	40	Евро-облигациялар шығару және халықаралық қаржы рыногында орналастыру
4.	«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	100%	145 055 144	340 000	Банктік қызмет
5.	«АИРИ» ЖШС	100%	87 200	-	Қаржы рыногын зерттеузерделеу
6.	«Хлебный» АКБ	76,88%	52 745 017	60 224	Банктік қызмет



№	Атауы	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ үлесі	Инвестиция сомасы, теңгемен	Акциялар саны, данамен	Заңды тұлға қызметінің сипаттамасы
			теңге (7 833 600 ресей рублі)		
	«Хлебный» АКБ борышының субординациялық инвестициялары		26 074 000		
7.	«Nalyk Finance» АҚ	100%	50 000 000	50 000	Бағалы қағаздар рыногындағы қызмет
8.	«Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ	85,012%	842 925 589	850 120	Зейнетақы жарналарын жинақтау, есепке алу
9.	«Қазақшөтсақтандыру» АҚ	33,19%	498 514 066	79 500	Сақтандыру қызметі
10.	«Процессинг орталығы» АҚ	11,26 %	138 250 000	27 650	Төлем карточкалары транзакцияларын өңдеу қызметі
11.	«Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы» ЗТБ	16,67%	675 000	1	ҚР қаржы рыногын жасауға және жетілдіруге қатысу
12.	«Бірінші кредиттік бюро» ЖШС	14,29%	4 050 000	-	Қаржы рыногы инфрақұрылымын ұйымдастыру
13.	«Қазақстан қор биржасы» АҚ	2,55%	2 566 970	7	Қаржы құралдарының саудасын ұйымдастыру
14.	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» ЖАҚ	1,11%	200 000	1	Бағалы қағаздар инфрақұрылымын ұйымдастыру

### 30-1. Активтер.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ балансында оның активтерінің баланс құнының бес және одан артық пайызын құрайтын мүлік - жоқ.

### 31. Жарғылық капитал

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның төленген жарғылық капиталы Проспект шығарылатын 01.02.2005 ж. күні **15 742 686 037 теңге** болды.

### 32. Банкаралық қарыздар

Халық Банкі еліміздегі ірі қаржылық мекемелердің бірі ретінде күшейтілген меншікті және тұрлаулы ресурс базасына иелік ете отырып, кредитор-банк болып табылады. Өз қызметі арқылы Банк Қазақстандағы банкаралық рыноктың және банк жүйесінің

тұрлаулы дамуына ықпал етеді, әрі оның белсенді қатысушысы ретінде қалады. Банк аралық кредит беруді іске асыра отырып, Банк аталған рынокты қысқа мерзімді кредит тарту үшін пайдаланады, активтер мөлшеріне қарамастан барлық тұрпаттағы банктер үшін көрсетілетін қызмет аясын кеңейтеді.

мың теңге						
Активтер баптары (А)	01.01.04 ж. жағдай бойынша	(А) %-ы	01.01.05 ж. жағдай бойынша	(А) %-ы	01.02.05 ж. жағдай бойынша	(А) %-ы
<b>А К Т И В Т Е Р</b>						
Банктерге берілетін қарыздар мен қаржылар, оның ішінде:	20 241 044	8,13	33 971 829	8,53	38 776 250	9,06
теңгемен	7 149 051	2,87	11 931 155	3,00	19 685 789	4,60
валютамен	13 091 993	5,26	22 040 674	5,53	19 090 461	4,46
<b>М І Н Д Е Т Т Е М Е Л Е Р</b>						
МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАПТАРЫ (М)	01.01.04 ж. жағдай бойынша	(М) %-ы	01.01.05 ж. жағдай бойынша	(М) %-ы	01.02.05 ж. жағдай бойынша	(М) %-ы
Банктерден алынған қарыздар мен қаржы, оның ішінде:	64 768 364	28,43	80 842 922	22,22	72 399 325	18,41
теңгемен	8 938 665	3,92	11 644 848	3,20	3 566 338	0,91
валютамен	55 829 699	24,51	69 198 074	19,02	68 832 987	17,5

Активтер мен капитал мөлшерінің өсімі, Банктің серіктестер, клиенттер және рейтингтік агенттіктер арасындағы имиджінің нығаюы оның халықаралық қызметін жандандыруға ықпал етті. Сыртқы рыноктар, негізінен, қарыздық қаржы тарту үшін пайдаланылады. Жалпы алғанда, есеп берілетін кезеңнің аяғында банктер мен қаржылық ұйымдардан тартылған қарыз көлемі тартылған несие қалдықтарының ауқымы бойынша 72,4 млрд теңге болды - бұл Банктің барлық міндеттемелер жиынтығының 18,4 %-ы, оның 94,0 %-ы сыртқы қарыздан құралады. 2004 жылдың ішінде Банк тартылған ресурстар көлемін 24,8 %-ға ұлғайтты.

### 33. Салымдар

Заңды және жеке тұлғалар салымдарының мерзімдік және талап ету салымдары бойынша өсу қарқыны:

жылдар	Талап ету		Мерзімдік		Барлығы	
	Заңды тұлға	Жеке тұлға	Заңды тұлға	Жеке тұлға	Заңды тұлға	Жеке тұлға
2003	33 071 405	23 292 902	34 604 752	63 596 040	67 676 157	86 888 942
2004	45 121 386	30 833 154	75 054 976	79 314 819	120 176 362	110 147 973
01.02.2005	53 627 681	27 123 608	83 779 749	92 450 141	137 407 430	119 573 749

Қарастырылып отырған кезеңде жалпы депозиттік базаның ұлғаюы байқалды: 2003 жылмен салыстырғанда депозиттердің жалпы көлемі 66,3 %-ға артып, 2005 жылдың 01 ақпанындағы жағдай бойынша **256 981 179 теңгеге** жетті. Бұл жағдай, біріншіден, еліміздегі экономикалық ахуалдың тұрлаулығымен (инфляцияның төмендеуі), әрі банк жүйесі мен Банктің жеке өзіне деген сенімділіктің артуымен байланысты болып отыр. Сонымен қатар Банктің депозит базасының ұлғайтылуын икемді және ыңғайлы депозит саясатымен, белсенділікпен жүргізілген жарнамалық кампаниямен де байланыстыруға болады.

2) тартылған салымдар валютасы бойынша орташы сыйақы көрсеткіші:

мың теңге

Жылдар	Орташа есептелген жылдық пайыздық ставка, теңгемен		Орташа есептелген жылдық пайыздық ставка, валютамен	
	Талап ету	мерзімдік	Талап ету	мерзімдік
<b>2003</b>	0.2	9.7	0.2	6.34
<b>2004</b>	0	8,5	0	6,1
<b>01.02.2005ж. жағдай бойынша</b>	0	8,2	0	6,5

3) салымдардың уақыттық құрылымы, өтеу мерзімдері бойынша бөлек-бөлек (таяудағы 12 ай ішінде төленетін сома тоқсан бойынша бөлінеді, қалған сома жылдар бойынша бөлініп беріледі)\*:

мың теңге

жылдар	1-тоқсан	2-тоқсан	3-4 тоқсан	1-3 жыл	3 жылдан артық	барлығы
<b>2003</b>	94 651 986	17 030 604	17 927 708	12 007 539	12 947 262	<b>154 565 099</b>
<b>2004</b>	103 523 061	25 286 826	71 209 336	26 301 385	4 003 727	<b>230 324 335</b>

\* - заңды және жеке тұлғалар бойынша депозиттер құрылымын әрбір тоқсанға сәйкес жекелеп бөлу ҚР Ұлттық Банкінің қаржылық есептемесінде қарастырылмаған.

4) салымдар бойынша дебеттік және кредиттік айналымдардың валюта түрлеріне сәйкес соңғы үш жылдағы көрсеткіші:

Жылдар	Кіріс қалдығы	Дебеттік айналымдар	Кредиттік айналымдар	Шығыс қалдығы
<b>2002</b>				
Теңге	50 132 829	542 063 651	546 042 131	54 111 309
ЕАВ	53 002 470	196 494 150	223 694 833	80 203 153
ДВВ	133 657	4 779 807	4 792 051	145 901
<b>2003</b>				
Теңге	54 111 309	2 643 335 387	2 678 436 387	89 212 309
ЕАВ	80 203 153	774 028 065	759 048 520	65 223 608

Жылдар	Кіріс қалдығы	Дебеттік айналымдар	Кредиттік айналымдар	Шығыс қалдығы
ДВВ	145 901	28 618 217	28 601 498	129 182
<b>2004</b>				
Теңге	89 212 309	4 222 639 562	4 270 049 909	136 622 656
ЕАВ	65 223 608	1 287 405 105	1 315 642 730	93 461 233
ДВВ	129 182	50 049 109	50 160 373	240 446
<b>01.02.2005 ж. жағдай бойынша</b>				
Теңге	136 622 656	354 460 773	374 420 395	156 582 278
ЕАВ	93 461 233	61 515 914	68 263 325	100 208 644
ДВВ	240 446	2 745 673	2 695 484	190 257

**34. Шығарылған облигациялардың әрекет етуші құрылымының сипаттамасы және соңғы үш жылдағы өтелген облигациялар туралы мәлімет**

<b>I облигациялар шығарылымы</b>	
Шығарылым құрылымы	Атаулы купондық субординацияланған облигациялар – <b>160 000</b> дана, жалпы сомасы <b>16 000 000 АҚШ доллары</b>
Номинал	<b>100 АҚШ доллары</b>
Шығарылым нысаны	Құжаттамасыз
Мемлекеттік тіркеу нөмірі және бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу немесе ҰСН беру күні	20 маусым, 2000 жыл № А20
Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді және/немесе ҰСН беруді жүзеге асырған орган	Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар бойынша ұлттық комиссиясы
ҰСН	<b>KZA7KAKK6A78</b>
Айналыс басталған күн	20 маусым, 2000 жыл
Өтеу күні	20 маусым, 2007 жыл
Айналыс мерзімі	7 жыл
Орналастыру аяқталған күн	28 маусым, 2000 жыл
Орналастыру тәсілі	Ашық түрде
Купондық сыйақы	<b>11,8 %</b> жылдық, Сыйақы төлеу жылына 2 рет жүргізіледі
Орналастыру нәтижелері туралы есеп бекітілген күн	20 қазан, 2000 жыл

<b>I облигациялар шығарылымы</b>	
Төленген төлемақылар	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2000 жыл – <b>136 314,6 мың теңге</b>, бұл <b>944,0 мың АҚШ долларының</b> баламасын құрайды ;</li> <li>▪ 2001 жыл – <b>279 754,4 мың теңге</b>, бұл <b>1 888,0 мың АҚШ долларының</b> баламасын құрайды;</li> <li>▪ 2002 жыл – <b>291 224,00 мың теңге</b>, бұл <b>1 888,0 мың АҚШ долларының</b> баламасын құрайды;</li> <li>▪ 2003 жыл – <b>276 695,8 мың теңге</b>, бұл <b>1 888,0 мың АҚШ долларының</b> баламасын құрайды;</li> <li>▪ 2004 жыл - <b>251 377,7 мың теңге</b>, бұл <b>1 888,0 АҚШ долларының</b> баламасын құрайды.</li> </ul>

<b>II облигациялар шығарылымы</b>	
Шығарылым құрылымы	Атаулы купондық субординацияланған облигациялар – <b>2 042 000</b> дана, жалпы сомасы <b>2 042 000 000 теңге</b>
Номинал	<b>1 000</b> теңге
Индекстелген номинал	<p>Номиналды құнды (N) девальвация қарқынының коэффициентіне (Kd) шығару.</p> <p>Девальвация қарқынының коэффициенті (Kd) «Қазақстан қор биржасы» АҚ белгіленген, АҚШ долларының (Xt) ағымдағы орташа безбенделген биржалық бағамының облигациялар айналысы басталған күнгі осындай бағамға (Xo) қатынасы ретінде есептеледі: <u><math>Kd=Xt/Xo</math></u>.</p> <p>Үтірден кейінгі белгілер саны мен дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ регламентімен белгіленеді.</p>
Шығарылым нысаны	Құжаттамасыз
